

Алматы технологиялық институтының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 18 тамыз N 1192

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы маусымдағы N 683 Р990683_ қаулысымен бекітілген 1999-2000 жылдарға арналған жекешелендіру және мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыру бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы технологиялық институты коммерциялық емес ұйым - "Алматы технологиялық университеті" жабық акционерлік қоғамы болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті:

1) Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп заңдарда белгіленген тәртіппен Алматы технологиялық институтын коммерциялық емес ұйым - "Алматы технологиялық университеті" жабық акционерлік қоғамы етіп қайта ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

2) "Алматы технологиялық университеті" жабық акционерлік қоғамы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін белгіленген тәртіппен шығарылған жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінің 25 процентінен аспайтын сомада акциялардың қосымша эмиссиясын шығару арқылы оның жарғылық капиталын ұлғайтуды жүзеге асырсын.

Акциялардың қосымша эмиссиясын орналастыру институттың қызметкерлері

құрған заңды тұлғалар арасында жабық тәсілмен жүргізсін;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген іс-шаралар орындалған соң акциялардың мемлекеттік пакетін сатуды заңдарға сәйкес жүзеге асырсын;

4) осы қаулыны іске асыруға байланысты өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. "Мемлекеттік жоғары оқу орындарын кейін жекешелендіру мен жалға беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 шілдедегі N 1047а

Р971047а

а қаулысының 1 және 2-тармақтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК